



АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

**«2020-2021 жылдар аралығындағы салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне және жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің толықтығы мен уақытылығының қамтамасыз етілуіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ.**

**АТЫРАУ
2022 ЖЫЛ**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы.....
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты.....
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері.....
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең.....

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.....
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жағдайда).....

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.....
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар.....
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.....
- 3.4.Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.

2022 жылғы
26 тамыздағы №12
Атырау облысы бойынша
тексеру комиссиясының
қаулысымен бекітілген

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «2020-2021 жылдар аралығындағы салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне және жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің толықтығы мен уақытылығының қамтамасыз етілуіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджетке түсетін салықтар мен басқа да төлемдердің толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ

2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті» ММ

4. «Атырау қалалық Жер қатынастар бөлімі» ММ

5. «Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2020 жылдың 01 қаңтар - 2021 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті және Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы және уақыттылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органы болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті» ММ облыс аумағындағы полиция органдары мен бөлімшелеріне басшылық етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық бөлінісі болып табылады. Негізгі міндеттері – құқық бұзушылық профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес, әкімшілік жазаны орындау және Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де міндеттер.

«Атырау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме қызметінің мәні жер қатынастары жөнінде мемлекеттің мүддесін қорғауды, жер пайдалануды ұйымдастырудың жоғарғы тиімділік үлгілерін дамыту мен нығайту, арнайы жер қорын жасау, кейін аукциондар мен конкурста арқылы қайта бөлу, Қазақстан Республикасы заңнамалық құжаттарын бұзып, пайдаланған және пайдаланылмаған жерлерді анықтау, мемлекеттік қызмет көрсету, жұмыстың сапасын ұлғайту, жұмыстың нормативтік-құқықтық базасын жаңарту, жұмыстың мониторинг жұмыстарын жүргізу және сапасын бағалау қызметін атқарады.

«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі өз өкілеттіктері шегінде Атырау облысы аумағындағы табиғи ресурстарды мемлекеттік басқару және табиғат пайдалануды реттеу, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру функцияларын орындауда басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады. Аудит объектісінің міндеттері:

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; табиғатты пайдалануды реттеу және жер қойнауын пайдалану салаларында мемлекеттік саясатты жүргізу; ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу; су ресурстарын тиімді пайдалану және оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру; облыс аумағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; жануар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Аудиторлық іс-шара барысында «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі, «Атырау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Атырау облысы

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудитпен қамтылды.

Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті бойынша:

Салықтардың, жергілікті бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырылуын талдау бағытында Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Қазақстан Республикасының 2017-жылғы 25-желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің *(бұдан әрі – Салық Кодексі)* 19-бабы, 2-тармағының 13-тармақшасындағы «Салық органдары Уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың уақтылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға» міндетті болып табылады.

Соған сәйкес, Департаментке қарасты «Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне аудит жүргізіліп, нәтижесінде төмендегідей бұзушылықтарға жол берген.

Сонымен қатар, аудитпен қамтылған кезеңіне салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар мүлік, көлік, жер салығын төлеушілеріне камералдық бақылау жүргізілмей, нәтижесінде 2020-2021 жылдарға 14 салық төлеушілерден 4 551,8 мың теңгеге заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық, 2021 жылға бересі бар 1 174 жеке тұлғаларға салықтық берешегі туралы хабарламалар ұсынылмауынан 1 117,8 мың теңгеге жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, 11 салық төлеушілерге 3 581,9 мың теңгеге заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық, 2021 жылға бересі бар 47 жеке тұлғаларға салықтық берешегі туралы хабарламалар ұсынылмауынан 3 087,6 мың теңге жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық түсімдері жергілікті бюджетке түспеген. Сонымен қатар, **ҚР ЦУЛС ақпараттық жүйесіне есептеулер жүргізілмей, 117 салық төлеушілер бойынша** жалпы сомасы қосымша есептелінген салық 2 826,8 мың теңге, өсімпұл 132,8 мың теңге көлік құралдары салығы есеп бетшелеріне түспеген. Одан басқа, 41 жеке тұлғадан төлемдерді өндіру жұмыстары жүргізу туралы хабарлама жіберілмей, нәтижесінде 2021 жылға 108,3 мың теңге көлемінде жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша түсімдері жергілікті бюджетке түспеген. 7 жеке тұлғадан төлемдері есеп бетшесіне енгізілмей, нәтижесінде 2021 жылға 77,9 мың теңге көлемінде жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша түсімдері жергілікті бюджетке түспеген. 2 салық төлеушілермен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомалар есебі (851.00-нысаны) салық есептіліктері тапсырылмай, нәтижесінде 2021 жылға 387,4 мың теңге жергілікті бюджетке түспеген.

1. Алайда, 2016 жылғы 7 қыркүйектегі №522 бұйрығымен бекітілген Департамент Ережесінің 2-бөлігі, 15-тармағының, 1-тармақшасы «салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақытылы түсуін көздейтін заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асырады» - делінген талаптары сақталмай, **Атырау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына** жеке және заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы, жер салығы, көлік салықтары бойынша уақытылы және толық түсуіне бақылауды жүзеге асырылмаған.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырылуын талдау бағытында Аудит объектісі Салық кодексінің 18-бабының 1-тармағына сәйкес және аудит объектісі Ережесінің 14-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру функциясы қарастырылған.

Осыған орай, 2020 жылғы 19 маусымда Атырау облысының Әкімі М.Ж.Досмұхамбетовпен «Салық салу базасын кеңейту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жоспары» бекітілген.

Аталған жоспарда көрсетілген бірлескен іс-шаралардың ішінен аудитпен қамтылған кезеңде мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тіркелген салық салу объектілері және меншік иелері туралы база деректері бойынша сапалы және толық салыстыру жүргізу, көлік құралдары салығын төлету мәселелері бойынша бірлескен рейдтік іс-шаралар жүргізу, қала жолдарында тасымалдау жұмыстарымен айналысып жүрген жеке тұлғаларды мемлекеттік кіріс органдарына тіркеу мәселелері бойынша бірлескен рейдтік іс-шаралар жүргізу, сыртқы (көрнекі) жарнама орналасқан барлық объектілерге толық түгендеу жұмыстарын жүргізу және тиісті рұқсат құжатынсыз сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырған тұлғаларды анықтау, тұрғындардың салық мәдениеттілігін көтеру және құқықтық білімділіктерін жоғарылату мақсатында жәрдем көрсету жұмыстары жүргізілген.

Аудитпен қамтылған кезеңде Салық салу базасын кеңейту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жоспарында көрсетілген тармақтар толық орындалмаған. Аталған жоспардың орындалысына Департаментпен 2021 жылы бақылау жүргізілмеген. Атап айтсақ:

Салық салу базасын кеңейту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Өндірістік емес төлемдер басқармасымен:

- Атырау қаласы және аудан әкімдері арасында мемлекет мұқтажына алынған үйлер және бұзылған үйлер бойынша (1 бөлімнің 2 тармағы), ғимараттарды кәсіпкерлік қызмет объектісіне айналдыру және пәтерлерді

қайта жаңарту үшін шаруашылық субъектілеріне және жеке тұлғаларға берілген рұқсаттар туралы (1 бөлімнің 31 тармағы) ақпарат алмасу;

- Атырау облысы полиция департаменті, Атырау облысы көліктік бақылау инспекциясы, Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалы арасында жеке меншік құқығында тиесілі жылдан кем емес болған көлік құралдарын сатып алу-сату мәмілесін жасаған жеке тұлғалар бойынша (1 бөлімнің 3 тармағы) ақпарат алмасу;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалы арасында 1, 2, 3 топтағы мүгедектер, Ұлы отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілгендер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» медальдарымен наградталған батыр-аналар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жеке тұратын зейнеткерлер және т.б. мемлекеттік жәрдемақы алатын тұлғалар бойынша (1 бөлімнің 10 тармағы), заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатуды жүзеге асырған жеке тұлғалар бойынша (1 бөлімнің 12 тармағы) ақпарат алмасу;

- Атырау облысы сәулет және қала құрылысы басқармасы, Атырау облысы Қаржы басқармасы арасында соңғы 5 жылда пайдалануға берілген көп қабатты тұрғын үйлер бойынша (1 бөлімнің 16 тармағы) ақпарат алмасу;

- Атырау облысы көліктік бақылау инспекциясы арасында көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізген жеке тұлғалар бойынша (1 бөлімнің 18 тармағы) ақпарат алмасу жұмыстары толықтай жүзеге асырылмаған.

2. Бұл ретте, Салық кодексінің 18-бабының 1-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген *«Салық органдары мемлекеттік кіріс органдары болып табылады және мынадай міндеттерді орындайды: Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Кодекске сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету»* делінген талабы, 19-баптың 2-тармағының 13-тармақшасының *«Салық органдары уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың уақтылылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға міндетті»* делінген талабы, 22-бабының 1-тармағының *«Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда салық органдарына жәрдем көрсетуге міндетті.»* делінген талабы, 25-бабының *«Салық органдары салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезінде 3) салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді, оның ішінде: жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді; көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді; 11) сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен*

және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен; 12) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.» деген талабы және 26-бабының 3-тармағының «Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар салық төлеушілер туралы, сондай-ақ салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша салық органдарына ұсынуға міндетті» деген талабы сақталмаған.

Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер басқармаларымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалымен, Атырау қаласы және аудан, селолық округ әкімдерімен, бірлесе отырып элиталық аудандарда орналасқан коттеждерге көзбен шолып байқау жүргізу арқылы (фото-материал қолданумен), әр үйді аралау жолымен, жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлік объектілеріне толық түгендеу жүргізу, жылжымайтын мүлікті түгендеу кезінде анықталған иесіз объектілерді коммуналдық меншікке айналдыру және анықтау жұмыстарын жүргізу іс-шаралары жүргізілмеген, Өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру басқармасымен аталған іс-шаралардың орындалуына бақылауды толық жүргізілмеген.

Салық салу базасын кеңейту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Резидент еместерге салық салу басқармасымен:

- Атырау облысы полиция департаменті арасында үй қызметкері ретінде тіркелген шетелдік азаматтар туралы (1 бөлімнің 5 тармағы), заңсыз мигранттарды жалдамалы қызметкер ретінде тарту фактілері туралы (1 бөлімнің 6 тармағы) ақпарат алмасу;

- Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арасында жер қойнауын пайдаланушылар бойынша өндірілген пайдалы қазбалардың көлемі туралы (1 бөлімнің 19 тармағы), қайта жасақталған жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттары бойынша (1 бөлімнің 20 тармағы) ақпарат алмасу;

- Атырау облысы Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы арасында инвестициялық келісім шарттар бойынша салық жеңілдіктері бар салық төлеушілер туралы (1 бөлімнің 23 тармағы) ақпарат алмасу толық жүзеге асырылмаған.

3. Салық кодексінің 19 бабының 2 тармағының 13 тармақшасының «Салық органдары уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың

уақтылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға міндетті» делінген талабы, 22-бабының 1-тармағының «Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда салық органдарына жәрдем көрсетуге міндетті.» және 12-тармағының «Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың және (немесе) құпиялылық туралы келісімдердің көшірмелерін және (немесе) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясының пайдалы қазбалардың қорларын бекіту және пайдалы қазбалардың қорларын мемлекеттік балансқа қою туралы хаттамаларын, сондай-ақ оларға толықтырулар мен өзгерістерді жасалған немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, оның ішінде автоматтандырылған ақпарат алмасу жолымен салық органына ұсынады.» деген талаптары, 25-бабының «Салық органдары салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру 10) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.» деген талабы, 26-бабының 2-тармағының «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беруді жүзеге асыратын ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша өзінің орналасқан жеріндегі салық органдарына ұсынуға міндетті.» деген талабы және 5-тармағының «Шетелдіктердің келуін (кетуін) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган олардың келу мақсатын, орнын және болу мерзімін көрсете отырып, келуші шетелдіктер туралы мәліметтерді уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салық органына олардың келуін (кетуін) тіркегеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті» деген талабы, 26-баптың 6-тармағының «Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған және инвестициялық басым жобаларды іске асыруды көздейтін инвестициялық келісімшарттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы инвестициялық келісімшарттардың қолданылуының тоқтатылғаны туралы мәліметтерді және өзге де мәліметтерді инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша уәкілетті органға ұсынуға міндетті» делінген талабы сақталмаған.

Салық салу базасын кеңейту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Қашықтықтан мониторингтеу басқармасымен:

- Атырау облысы Қаржы басқармасы, Атырау облысы бойынша Энергетика және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық басқармасы арасында бюджеттен қаржыландырылған барлық құрылыс нысандары бойынша мәлімет беру және ағымдағы жылы бөлінген сома туралы (1 бөлімнің 25 тармағы) ақпарат алмасу;

- Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасымен денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қолдау және қаражаттандыру бойынша (1 бөлімнің 29 тармағы) ақпарат алмасу толық жүзеге асырылмаған.

4. Салық кодексінің 19 бабының 2 тармағының 13 тармақшасының «Салық органдары уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың уақтылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға міндетті» делінген талабы, 22 бабының 1 тармағының «Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда салық органдарына жәрдем көрсетуге міндетті.» делінген талабы, 26 бабының 19 тармағының «Денсаулық сақтау субъектілері Қазақстан Республикасының аумағында жеке тұлғалар жұмсаған, медицинаға арналған шығыстарды растау туралы салық органының талабын алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде мәліметтерді осы Кодекстің 112-бабында айқындалған тәртіппен ұсынуға міндетті.» деген талабы сақталмаған.

Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша:

Түсімдердің орындалмауы немесе асыра орындалу себептерін талдау бағытында жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдердің 2020 жылға жоспары 292 371 100,0 мың теңге, нақты түскен түсім 312 204 702,0 мың теңгені немесе 106,8%-ды құраған. Артық орындалған түсім 19 946 486,0 мың теңге.

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдердің 2021 жылға жоспары 331 509 048,0 мың теңге, нақты түскен түсім 339 558 549,6 мың теңгені немесе 102,4%-ды құраған. Түсім 8 049 501,6 мың теңге ұлғайған.

7. Қазақстан Республикасының 04.12.2008 жылғы №95-IV «Бюджет Кодексі» - нің (бұдан әрі-Бюджет Кодекс) 4-бабының 3) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30.11.2016 жылғы №629 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» бұйрығының 5, 6-тармақтарының талаптары сақталмай, аудит объектісі тарапынан жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің болжамды параметрлердің бірнеше нақтылаулар мен түзетулер енгізуге мүмкіндігі болса да, жоспарлау этапының дұрыс болмауынан, сондай-ақ, жоспарланған түсімнің түсуіне бақылау жүргізілмей, 2020 жылы 104402 бюджеттік сыныптама коды бойынша түсімнің орындалмауы және 2020-2021 жылдарға 101111, 101202, 104101, 105316, 105429, 105430, 105433, 105434 108126 бюджеттік сыныптама кодтары бойынша түсімдердің асыра орындалу фактілері орын алған.

Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік секторлар бойыншасалық пен әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі төлем көзінен салық салынатын ЖТС, әлеуметтік салық, әлеуметтік төлемдер (зейнетақы жарналары, әлеуметтік аудармдар, МӘМС, МӘМЖ) бойынша тапсырылған *«Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00-нысан)»* салық есептілігіне аудит жүргізіліп, нәтижесінде төмендегідей кемшіліктерге жол берген.

Аудит барысында «Атырау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі 2021 жылдың 1-тоқсанына төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салықтан 451,1 мың теңге, әлеуметтік салықтан 396,9 мың теңге көлемінде төлем жүргізіп, аталған есептік кезеңдерге *«Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00-нысан)»* салық есептілігін ұсынылмаған.

8. Қазақстан Республикасының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (бұдан әрі – *Салық Кодексі*) 18 бабы 1 тармағы 1) тармақшасындағы *«Салық органдары мемлекеттік кіріс органдары болып табылады және мынадай міндеттерді орындайды: Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету»* және 69 бабы 3 тармағы 1) тармақшасындағы *«Салықтық бақылаудың осы нысандары шеңберінде: салықтық міндеттеменің, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттердің орындалуын есепке алу»*, - делінген, сонымен қатар Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасындағы *«Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру»*, - деген талаптары сақталмай, 2021 жыл жағдайына төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салықтан барлығы 451,1 мың теңге, әлеуметтік салықтан барлығы 396,9 мың теңге артық төлемі бар «Атырау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесімен артық төленген төлемдерін айқындау мақсатында салықтық бақылау жүзеге асырылмаған.

Салық Кодексінің 118-бабы 1-тармағындағы «салық төлеуші (салық агенті) осы Кодексте белгіленген мерзімде салықтық есептілікті ұсынбаған жағдайда – осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң, Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтатылады», - делінген талабы сақталмай, «Атырау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің банктік шоттар бойынша шығыс операциялары тоқтатылмаған.

2, 3-тармақтарында көзделген бұзушылықтар бойынша аудит объектісімен Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 13) тармақшасындағы «Хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану», - делінген талабы сақталмай, Қазақстан Республикасының 05.07.2014 жылғы №235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 272-бабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде мемлекеттік кіріс органына салық есептілігін ұсынбағаны және әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша шаралары қолданылмағаны анықталды.

Салық және жергілікті бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы есептелуін, төлеуін қамтамасыз ету бойынша салық органдарының қызметін талдау бағытында Тексеру комиссиясымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының ұсынған жылжымайтын мүліктер туралы ақпаратына сәйкес аудитпен қамтылған кезеңіне салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар мүлік салығының төлеушілері мәліметіне сай іріктеу әдісімен тексеріс жүргізіліп, нәтижесінде №8 қосымшаға сәйкес 16 салық төлеушілерге камералдық бақылау жүзеге асырылмағандығы анықталды.

9. Салық Кодексінің 190-бабы 1-тармағындағы «Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және салықтық есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі салықтық есепке алу болып табылады», 517-бабы 1-тармағы 1) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар мүлік салығын төлеушілер болып табылады», 525-бабы 2,3-тармағындағы «Салық төлеуші ағымдағы төлемдерді кезекті (салықтық кезең ішінде) төлеу мерзімі басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмейтін мерзімде ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын, ағымдағы төлемдердің қосымша есеп-қисабын және салық бойынша декларацияны салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмейтін

мерзімде ұсынады», 18 бабы 1 тармағы 2) тармақшасындағы «Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті», 94 бабы 1 тармағындағы «Салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады», 95-бабы 1-тармағы 2) тармақшасындағы «Камералдық бақылау салық органдарында өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері арқылы жүргізіледі» және 114 бабы 2 тармағы 5) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салықтық есептіліктің ұсынылмауы туралы – хабарламаны жіберу мерзімі осы Кодексте белгіленген ұсыну мерзімінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілетін, корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, бұзушылық анықталған күннен бастап жіберіледі», - делінген талаптары, сонымен қатар аудит объектісімен өз құзыреті шегінде Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасында «Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру» және Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 11) тармақшасында «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру», - делінген талаптары сақталмай, 16 салық төлеушілерге камералдық бақылау жүзеге асырылмай, нәтижесінде **4 551,8 мың теңгеге** (2020 жылға 1 579,9 мың теңге, 2021 жылға 2 971,9 мың теңге) мүлік салығы түсімдері жергілікті бюджетке түспеген.

Сонымен қатар, аудит объектісімен 5-тармақта қарастырылған мәліметке сәйкес Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 13) тармақшасындағы «Хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану», - делінген талабы сақталмай, Қазақстан Республикасының 05.07.2014 жылғы №235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 272, 275-баптары бойынша заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша салық міндеттемелерін орындамаған заңды тұлғаларға салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде мемлекеттік кіріс органына салық есептілігін ұсынбағаны және салық төлеушінің салық салу объектілерін жасырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша шаралары қолданылмаған.

Тексеру комиссиясымен 2021 жылға жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бересі бар жеке тұлғаларға салықтық берешегі туралы хабарламаларды ұсынылуына аудит жүргізіліп, нәтижесінде 1 117,8 мың теңге бересі бар 1 174 жеке тұлғаға жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарламалар ұсынылмағандығы анықталды.

10. Салық Кодексінің 18-бабы 1-тармағы 2) тармақшасында «Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті», 128-бабы 1-тармағына сай «Жеке тұлға салықтық берешегін жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады және оны шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жеке тұлғаға жібереді» және 128-бабы 2-тармағына сай «Жеке тұлға салықтық берешегін өтемеген кезде салық органы жеке тұлғаға салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей осындай салық бұйрығын Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен мәжбүрлен орындау үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына жібереді», - делінген, сонымен қатар, аудит объектісімен өз құзыреті шегінде Ереженің 2-бөлігі 17) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасы салық заңнамасымен анықталған тәртіпте жеке тұлғалардан берешекті өндіру туралы салық бұйрығын шығару», - делінген талаптары сақталмай, ҚР ИНИС ақпараттық жүйесіндегі «Хабарламаларды жіберу және орындалуын бақылау» журналы деректеріне сәйкес «құрылған», 2021 жылға негізгі **сомма 1 043,5 мың теңге, өсімпұл 74,3 мың теңге** бересі бар 1 174 жеке тұлғаға жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарламалар ұсынылмағандығы және жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығы жасақталмағандығы анықталды.

Аудиторлық іс-шараны ауқымды қамту мақсатында салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар көлік салығының төлеушілері салық міндеттемелерін орындалуына аудит жүргізу үшін, Атырау облысының Полиция департаментінен Атырау қаласы бойынша мемлекеттік тіркеуден өткен көлік құралдарының тізімі алынды.

Нәтижесінде, №4 қосымша сәйкес 11 салық төлеушілерге камералдық бақылау жүзеге асырылмағандығы анықталды.

11. Салық Кодексінің 190-бабы 1-тармағындағы «Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және салықтық есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі салықтық есепке алу болып табылады», 494-бабы 1,2 тармағындағы «Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша ағымдағы төлемдерді салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей енгізу арқылы жүргізеді. Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе жедел басқару құқығын салықтық кезеңнің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді салықтық кезең

үшін декларацияны ұсыну мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді», 18 бабы 1 тармағы 2) тармақшасындағы «Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті», 94 бабы 1 тармағындағы «Салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады», 95-бабы 1-тармағы 2) тармақшасындағы «Камералдық бақылау салық органдарында өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері арқылы жүргізіледі» және 114 бабы 2 тармағы 5) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салықтық есептіліктің ұсынылмауы туралы – хабарламаны жіберу мерзімі осы Кодексте белгіленген ұсыну мерзімінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілетін, корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, бұзушылық анықталған күннен бастап жіберіледі», - делінген, сонымен қатар Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру», 2-бөлігі 14-тармағы 11) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру», - делінген талаптары сақталмай, 11 салық төлеушілерге камералдық бақылау жүзеге асырылмай, нәтижесінде жалпы сомасы қосымша есептелінген салық **3 250,8 мың теңге**, өсімпұл **331,3 мың теңге** көлік құралдарына салынатын салық түсімдері жергілікті бюджетке түспеген, (оның ішінде, 2020 жылғы негізгі төлем 1 321,5 мың теңгеге, өсімпұл 231,1 мың теңге және 2021 жылғы негізгі төлем 1 929,3 мың теңгеге, өсімпұл 100,2 мың теңге).

Сонымен қатар, аудит объектісімен 8-тармақта қарастырылған мәліметке сәйкес Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 13) тармақшасындағы «Хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану», - делінген талабы сақталмай, 05.07.2014 жылғы №235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 272, 275-баптары бойынша көлік құралдарына салынатын салық бойынша салық міндеттемелерін орындамаған заңды тұлғаларға салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде мемлекеттік кіріс органына салық есептілігін ұсынбағаны және салық төлеушінің салық салу объектілерін жасырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша шаралары қолданылмаған.

Бұл ретте, аудит объектісімен Салық Кодексінің 575-бабы сақталмай, салық салу объектісі болып табылатын жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы өндірілмеген.

2021 жылға жеке тұлғалардың көлік құралдарынан салық бересі бар жеке тұлғаларға салықтық берешегі туралы хабарламаларды ұсынылуына аудит жүргізіліп, нәтижесінде 3 087,6 мың теңге бересі бар 47 жеке тұлғаға жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарламалар ұсынылмағандығы анықталды.

12. Салық Кодексінің 18-бабы 1-тармағы 2) тармақшасында *«Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті»*, 128-бабы 1-тармағына сай *«Жеке тұлға салықтық берешегін жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады және оны шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жеке тұлғаға жібереді»* және 128-бабы 2-тармағына сай *«Жеке тұлға салықтық берешегін өтемеген кезде салық органы жеке тұлғаға салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей осындай салық бұйрығын Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен мәжбүрлеп орындау үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына жібереді»*, - делінген, сонымен қатар, аудит объектісімен өз құзыреті шегінде Ереженің 2-бөлігі 17) тармақшасындағы *«Қазақстан Республикасы салық заңнамасымен анықталған тәртіпте жеке тұлғалардан берешекті өндіру туралы салық бұйрығын шығару»*, - делінген талаптары сақталмай, ҚР ИНИС ақпараттық жүйесіндегі *«Хабарламаларды жіберу және орындалуын бақылау»* журналы деректеріне сәйкес *«құрылған»*, 2021 жылға **3 087,6 мың теңге** бересі бар 47 жеке тұлғаға жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарламалар ұсынылмағандығы және жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығы жасақталмағандығы анықталды.

Аудит объектісі тарапынан жеке тұлғалардың есепке алудың, есепке жатқызудың дұрыстығы бойынша төмендегі бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

13. Атырау облысының Полиция департаментінің 14.06.2022 жылғы №1-5-9-54/2888-И шығыс хатымен берген мәліметіне сәйкес салыстырмалы жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде Салық Кодексінің 490 – **бабының 1 тармақшасына сәйкес** *«Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады»* деген талаптары сақталмай, аудит объектісі тарапынан ҚР ЦУЛС ақпараттық жүйесіне есептеулер жүргізілмей, **117 салық**

төлеушілер бойынша жалпы сомасы қосымша есептелінген салық **2 826,9 мың теңге**, өсімпұл **132,8 мың теңге** көлік құралдары салығы есеп бетшелеріне түспегені анықталды, оның ішінде, 2020 жылы **17 салық төлеушілер бойынша** қосымша есептелінген салық 139,4 мың теңге, өсімпұл 23,7 мың теңге, 2021 жылы **100 салық төлеушілер бойынша** қосымша есептелінген салық 2 687,5 мың теңге, өсімпұл 109,1 мың теңге.

Тексеру комиссиясымен «Атырау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 01.06.2022 жылғы №06-02-02-5/3262 хатына сәйкес аудит қамтылған тексеру кезеңіне салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілері мәліметіне сай іріктеу әдісімен аудит жүргізіліп, нәтижесінде №5 қосымшаға сәйкес 41 жеке тұлғаларға камералдық бақылау жүзеге асырылмағандығы анықталды.

14. Салық Кодексінің 564 бабы 5 тармағындағы *«Жеке тұлғалар өтеулі жер пайдалануға алынған және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын (пайдалануға жатпайтын) жер учаскелері бойынша төлемақы сомасын 25 ақпаннан кешіктірмей төлейді. Уақытша өтеулі жер пайдалану шарты осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кейін жасалған жағдайда, жеке тұлғаның осындай шарт жасалған салықтық кезең үшін төлемақы төлеуі осындай шарт жасалған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі»*, 18 бабы 1 тармағы 2) тармақшасындағы *«Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті»*, 94 бабы 1 тармағындағы *«Салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады»* және 95-бабы 1-тармағы 2) тармақшасындағы *«Камералдық бақылау салық органдарында өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері арқылы жүргізіледі»*, - делінген талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы *«Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы»* №306 бұйрығының 3-параграф 36-тармағындағы *«Салық есептілігі бойынша бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға есептеу тізілімін уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған мәліметтер негізінде жасайды»*-, делінген талабы, сонымен қатар аудит объектісімен өз құзыреті шегінде Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасында *«Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру»* және Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 11) тармақшасында *«Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру»*-, делінген талаптары сақталмай, 41 жеке тұлғадан төлемдерді өндіру жұмыстары жүргізу туралы хабарлама жіберілмей, нәтижесінде 2021 жылға **108,3 мың теңге** көлемінде

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша түсімдері жергілікті бюджетке түспеген.

15. Сол тектес бұзушылықтар №6 қосымшаға сәйкес Салық Кодексінің 564 бабы 5 тармағындағы *«Жеке тұлғалар өтеулі жер пайдалануға алынған және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын (пайдалануға жатпайтын) жер учаскелері бойынша төлемақы сомасын 25 ақпаннан кешіктірмей төлейді. Уақытша өтеулі жер пайдалану шарты осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кейін жасалған жағдайда, жеке тұлғаның осындай шарт жасалған салықтық кезең үшін төлемақы төлеуі осындай шарт жасалған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі»*, 18 бабы 1 тармағы 2) тармақшасындағы *«Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті»*, 94 бабы 1 тармағындағы *«Салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады»* және 95-бабы 1-тармағы 2) тармақшасындағы *«Камералдық бақылау салық органдарында өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері арқылы жүргізіледі»*, - делінген талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы *«Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы»* №306 бұйрығының 3-параграф 36-тармағындағы *«Салық есептілігі бойынша бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға есептеу тізілімін уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған мәліметтер негізінде жасайды»*-, делінген талабы, сонымен қатар аудит объектісімен өз құзыреті шегінде Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасында *«Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру»* және Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 11) тармақшасында *«Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру»*, - делінген талаптары сақталмай, 2021 жылға 7 жеке тұлғадан төлемдері есеп бетшесіне енгізілмей, нәтижесінде **77,9 мың теңге** көлемінде жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша түсімдері жергілікті бюджетке түспеген.

Сонымен қатар, аудит объектісінде төлем төлеушілермен *«Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомалар есебі (851.00-нысаны)»* салық есептіліктері тапсырылмау фактілері орын алды (*№7 қосымша жалғанды 1 бетте*).

16. Салық Кодексінің 18 бабы 1 тармағы 2) тармақшасындағы *«Салық органдары салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге міндетті»*, 94 бабы 1 тармағындағы *«Салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады»*, 95-бабы 1-

тармағы 2) тармақшасындағы *«Камералдық бақылау салық органдарында өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері арқылы жүргізіледі»*, - делінген, сонымен қатар аудит объектісімен өз құзыреті шегінде Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасында *«Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру»* және Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 11) тармақшасында *«Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру»*, - делінген талаптары сақталмай, 2 салық төлеушілермен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомалар есебі (851.00-нысаны) салық есептіліктері тапсырылмай, нәтижесінде 2021 жылға **387,5 мың теңге** жергілікті бюджетке түспеген.

17. Сонымен қатар, аудит объектісімен 15-тармақта қарастырылған проблемаға сәйкес Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 13) тармақшасындағы *«Хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану»*, - делінген талабы сақталмай, 05.07.2014 жылғы №235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 272-бабы бойынша жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық міндеттемерін орындамаған төлемақы төлеушілерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде мемлекеттік кіріс органына салық есептілігін ұсынбағаны әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша шаралары қолданылмаған.

Тексеру комиссиясымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу Веб-порталындағы мәліметтеріне сәйкес, салық төлеушілер Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңына сай салық төлеушілермен мемлекеттік сатып алуларға қатысудан алған кірістерін есепке алу толықтығына ішінара іріктеу тәсілімен аудит жүргізіліп, нәтижесінде №9 кестелерге сәйкес 13 салық төлеушілерге камералдық бақылау жүзеге асырылмағандығы анықталды.

18. Салық Кодексінің 18 бабы 1 тармағы 1) тармақшасындағы *«Салық органдары мемлекеттік кіріс органдары болып табылады және мынадай міндеттерді орындайды: Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету»*, 69 бабы 3 тармағы 1) тармақшасындағы *«Салықтық бақылаудың осы нысандары шеңберінде: салықтық міндеттеменің, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттердің орындалуын есепке алу»*, 94 бабы 1 тармағындағы *«Салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық*

бақылау болып табылады» және 95 бабы 1 тармағы 3 тармақшасындағы «Камералдық бақылау салық органдарында бар мынадай деректерді: салық төлеушінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді», - делінген, сонымен қатар Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 7) тармақшасында «Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру», - делінген талаптары сақталмай, 13 салық төлеушілерге камералдық бақылау жүзеге асырылмай, нәтижесінде 2021 жылға 89 571,6 мың теңгеге кірісті төмендеткен және 910.00 нысанына көрсетілмеген.

2021 жылғы 31 наурызда 2020 жылға «Жеке табыс салығы бойынша декларация» **240.00-нысанын тапсыру** мерзімі аяқталады. Декларацияны жеке тұлғалар табыстардың мынадай түрлерін алған кезде табыс етеді: — мүліктік кіріс алған, оның ішінде ҚР шегінен тыс жердегі мүлікті сатудан түскен кіріс, сондай-ақ басқа да кірістер; ҚР шегінен тыс көздерден табыстар алғандар; еңбекші көшіп келушілер-резиденттер; жеке практикамен айналысатындар. Осыған орай, «Жеке табыс салығы бойынша декларация (240.00-нысан)» салық есептілігіне аудит жүргізіліп, нәтижесінде төмендегідей кемшіліктерге жол берген.

Аудит барысында «Лимарева Татьяна Владимировна» жеке кәсіпкер (ЖСН 780411401604) 2020 жылға «Жеке табыс салығы бойынша декларация (240.00-нысан)» салық есептілігі ұсынылмаған. Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағы 5-тармақшасына орай 07.04.2021 жылы №17000120729 ҚР салық заңнамасының белгіленген мерзімінде салық есептілігінің табыс етілмеуі туралы хабарлама шығарылып, тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген. Жіберілген хабарлама салық төлеушінің орналасқан жері бойынша болмауына байланысты пошта арқылы кері қайтарылған. Кері қайтарылған хабарлама негізінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-дағы №KZ328562204119088496; «ForteBank» АҚ-дағы №KZ9896510F0007923165, KZ4496510F0007923167, KZ8696510F0007923187; «Народный сберегательный банк Казахстана» АҚ-дағы №KZ736010002010490561, KZ136010141000366711, KZ046010002120608143 банктік шоттарына 05.08.2021 жылғы №645177, 645178 шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері ұсынылған.

Сол тектес, «Султангереева Жанар Сарсембаевна» жеке тұлға (ЖСН 830604401982) 2020 жылға «Жеке табыс салығы бойынша декларация (240.00-нысан)» салық есептілігі ұсынылмаған. Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағы 5-тармақшасына орай 12.04.2021 жылы №17000120743 ҚР салық заңнамасының белгіленген мерзімінде салық есептілігінің табыс етілмеуі туралы хабарлама шығарылып тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген. Жіберілген хабарлама салық төлеушінің орналасқан жері бойынша болмауына байланысты пошта арқылы кері қайтарылған. Кері қайтарылған хабарлама негізінде «KaspiBank» АҚ-дағы №KZ08722R000151668948, KZ57722C000020114797 банктік шоттарына 05.08.2021 жылғы №645176 шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері ұсынылған.

19. Алайда, Салық Кодексінің 115-бабы 4-тармағындағы «Салық органдары хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген, осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5), 6), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген хабарламаларды пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, салық органы осындай хабарламаны қайтарған күннен кейінгі күннен кешіктірмей салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін, атауын немесе тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), хабарламаның қайтарылу күнін көрсете отырып, ол туралы ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырады», - делінген талабы сақталмай, салық төлеуші туралы ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылмаған.

Сонымен қатар, Салық Кодексінің 118-бабы 1-тармағындағы «салық төлеуші (салық агенті) осы Кодексте белгіленген мерзімде салықтық есептілікті ұсынбаған жағдайда – осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң, Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтатылады», - делінген талабы сақталмай, банктік шоттар бойынша шығыс операциялары тоқтатылмаған.

Аудит объектісімен 18, 19- тармақтарында көзделген бұзушылықтарға сәйкес Ереженің 2-бөлігі 14-тармағы 13) тармақшасындағы «Хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану», - делінген талабы сақталмай, Қазақстан Республикасының 05.07.2014 жылғы №235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 272-бабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде мемлекеттік кіріс органына салық есептілігін ұсынбағаны және әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша шаралары қолданылмағаны анықталды.

Атырау облысының полиция департаменті бойынша:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қозғалған іс бойынша әкімшілік айыппұл сомаларының жергілікті бюджетке уақытылы және толық төленуі және өндірілу бойынша алынған шаралар бағытында Атырау облысының полиция департаменті әкімшілік практика тобының қызметкерлері, сонымен қатар аудан және қалалық полиция қызметінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің Атырау облысы полиция департаменті Әкімшілік полициясы басқармасынан түскен барлық бұйрықтармен нұсқауларды басшылыққа алып, оны жүзеге асыру және орындауда жұмыстар жүргізілген.

Бұл жерде, шет елдік азаматтарға салынған айыппұл сомаларын аудит объектісі тарапынан бюджет есебіне өндіру мүмкіндігі жоқ болып отыр. Себебі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң талаптарында шет

елдік азаматтарға салынған айыппұл сомаларын өндіру жолдары қарастырылмаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» №235-V ҚРЗ-ның (бұдан әрі *ӘҚБтК*) 893 бабының 1 тармағының талаптарына сәйкес айыппұлды әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұл салу туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс. Ал, *ӘҚБтК*-нің 894 бабының 3 тармағына сәйкес Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемейтін болса немесе басқа да себептер бойынша айыппұлды жалақысынан немесе өзге де табыстарынан өндіріп алу мүмкін болмаса, қаулыны шығарған сот, уәкілетті орган айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына жіберу қажет.

20. Жоғарыда аталғанғандардың негізінде *ӘҚБтК*-нің 896 бабының 1 тармағының айыппұл салу туралы қаулы немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сот орындаушыларына, жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарына айыппұл салу туралы қаулыны немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ерікті түрде орындау мерзімі өткеннен кейін он күн ішінде жіберіледі деп көрсетілген талабы сақталмай, 2021 жылы 4 432 іс бойынша (шет елдік азаматтарды қоспағанда) әкімшілік құқық бұзушылық құжаттары сот орындаушыларға жолданбаған. Осы аталған бұзушылықтың салдарынан жергілікті бюджет есебіне өтелетін 63 331,3 мың теңге экономикалық шығынға ұшыраған.

Атырау қаласының Жер қатынастары бөлімі бойынша:

Жер учаскелерін сатудан, жер учаскелерін уақытша және тұрақты пайдалану құқығынан түсетін және коммуналдық меншікте тұрған жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемнен түсетін түсімдерді талдау бағытында

21. *Аудиторлық қосымшаға сәйкес кестеде көрсетілгендей* аудит барысында Жер Кодексінің 49-бабының 2-тармағының сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер учаскесі құнының кемінде бес пайызын құрайтын мөлшерде аванс төлеуге тиіс. Бұдан кейін сатып алушы жер учаскесі үшін төлемді сатып алу-сату шартына қоса берілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын төлем кестесіне сәйкес ай сайын төлеп отырады. Жер учаскесі үшін төлем қолма-қол есеп айырысу арқылы да, сатушының сатып алу-сату шартында көрсетілген шотына аудару арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін деп көзделген талабы және шарттың 2 бөлігінің 4 тармағында көзделген жер учаскесі үшін төлемді Сатып алушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы шартқа 1 қосымшаға сәйкес төлем графигіне сәйкес ай сайын енгізеді деп көзделген талабы сақталмай, 303101 сыныптама кодына

және 49-бабының 3-тармағында жер учаскесі үшін ай сайынғы төлемді кешіктірген жағдайда сатып алушы сатушыға кешіктірген әрбір күн үшін жер учаскесінің төленбеген сатып алу бағасының 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді деп көзделген талабы сақталмай барлығы **9 286,9 мың теңге** төленбеген және өндірілмеген.

Сонымен қатар, Салық органдарымен өзара іс-қимыл шеңберінде Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI Салық кодексінің (бұдан әрі-Салық Кодексі) 559 бабына сәйкес, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар, ал арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері, жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері және жер учаскелері уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген кезеңдер туралы мәліметтерді ұсынады.

Осының негізінде, аудит объектісімен 2020 жылдың IV тоқсанында Атырау қаласы бойынша кірістер басқармасына ұсынылған мәліметіне сүйенсек (14.01.2021 жылғы №03-09-02-14/65 шығыс хаты) жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдалану (жалдау) құқығын беру үшін және жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін 1544 келісім шарт жасақталған.

2021 жылы Атырау қаласы бойынша кірістер басқармасына ұсынылған мәліметіне сүйенсек (14.04.2021 жылғы №03-09-02-5/718, 14.07.2021 жылғы №03-09-02-5/1483, 14.10.2021 жылғы №05-10-02-05/5480, 17.01.2022 жылғы №06-02-02-5/227 шығыс хаттары) жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдалану (жалдау) құқығын беру үшін және жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін барлығы 4877 келісім шарт жасақталған.

22. Алайда, аудит барысында Салық Кодексінің 559-бабының талаптары сақталмай, аудит объектісімен 2020 жылдың 4-тоқсанына 6 шарт (15.10.2020 жылғы №820, 23.10.2020 жылғы №328, 23.11.2020 жылғы №384, 30.12.2020 жылғы №476) бойынша және 2021 жылы 9 шарт бойынша (23.04.2021 жылғы №185, 23.04.2021 жылғы №186, 6.05.2021 жылғы №502, 6.05.2021 жылғы №528, 4.06.2021 жылғы №269, 21.09.2021 жылғы №699, 29.11.2021 жылғы №972, 15.12.2021 жылғы №1589, 15.12.2021 жылғы №1590, 15.12.2021 жылғы №1599, 31.12.2021 жылғы №1059) төлем төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтер ұсынылмағандығы анықталды.

Аудит объектісі тарапынан төлем төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтер толық ұсынылмау салдарынан, бюджетке есебіне түсетін түсімдер уақытылы түспеу жағдайлары орын алған.

Талдау жүргізу барысында бірқатар жалға алушылар, аудит объектісімен жасақталған уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) келісім шарттары негізінде жер учаскелерін пайдаланғаны үшін декларациялар тапсырылмағандығы не тиісті сомаға тапсырылмағандығы, сәйкесінше жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақылар жүргізілмегендігі не тиісті сомаға жүргізілмегендігі анықталды.

23. Бұл ретте, аудит объектісімен Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағының 16) тармақшасындағы жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру бөлігіндегі міндеттері толық атқарылмаған.

Аудит объектісінің Ережесінде жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыларды төлеуден жалтарған тұлғаларды анықтау бойынша бақылау функцияларының жоқтығын, тек уақытша пайдалануға берілетін жер телімдердің құнын есептеу мен жерді уақытша пайдалану құқығындағы шарттарды табыстау, тіркеуді жүзеге асыратындығын атап өтуге болады.

Бұл ретте, салық органдары аудит объектісімен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыларды төлеуден жалтарып жүрген тұлғаларды анықтау бойынша өзара іс-қимыл жасауды, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бірлескен бақылау шараларын әзірлеуді, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етпеген.

24. Осылайша аудит жүргізу барысында Жер Кодексінің 47-бабының 3 тармағындағы *жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы сатып алушымен жер учаскесін сатып алу-сату шартын жасасады және оған қол қояды және Жер Кодексінің 49-бабының 2-тармағының сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер учаскесі құнының кемінде бес пайызын құрайтын мөлшерде аванс төлеуге тиіс. Бұдан кейін сатып алушы жер учаскесі үшін төлемді сатып алу-сату шартына қоса берілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын төлем кестесіне сәйкес ай сайын төлеп отырады. Жер учаскесі үшін төлем қолма-қол есеп айырысу арқылы да, сатушының сатып алу-сату шартында көрсетілген шотына аудару арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін* деп көзделген талаптары сақталмай Атырау қаласы әкімдігінің 30.12.2020 жылғы №3154 қаулысы, 29.02.2021 жылғы №546 қаулысы, 29.04.2021 жылғы №1260 қаулысы, 24.06.2021 жылғы №1921 қаулысы 12.08.2021 жылғы №2402 қаулысы, 11.11.2021 жылғы №3376 қаулысы, 02.12.2021 жылғы №3587 қаулылары негізінде аудит объектісімен жер телімін сатып алушылар арасында жер учаскесін сатып алу-сату шарттары және сатып алу – сату шартына өзгеріс енгізу туралы қосымша келісімдер жасақталмай жалпы сомасы **33 115,3 мың** теңге бюджет есебіне төленбегендігі анықталды.

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бойынша:

Орман пайдаланушыларға орман ресурстарды сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда, аңшылық шаруышылығы қажеттіліктері; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, облыстық жергілікті атқарушы органның қорғауындағы мемлекеттік орман қорының жерлерінде құрылыс объектілеріне учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілерді салу үшін пайдалануға рұқсаттар беру және

берілген рұқсаттар бойынша түсімдер көлемі бағытында Облыстық жергілікті атқарушы органның қорғауындағы мемлекеттік орман қорының жерлерінде құрылыс объектілеріне учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілерді салу үшін пайдалануға рұқсаттар беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 «Орман кодексі» - не *(бұдан әрі – Орман кодексі)* сәйкес жүзеге асырылады. Орман кодексінің 15 бабының 14 тармағына сәйкес аудит объектісі уәкілетті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізетін болса 15-2 тармағына сәйкес орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді.

25. Осылайша, аудит барысында аудит объектісі мен «Астана» ШҚ арасында жасақталған 17.04.2013 жылғы мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін ұзақ мерзімді пайдалану шартының 2 бөлігінің 2.13 тармағының *орманды пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орманды пайдаланғаны үшін төлемді уақтылы енгізу* деп көзделген талабы және Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ Салық кодексінің 588 бабының 3 тармағының 1 тармақшасының *ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде – орман пайдаланудың жыл сайынғы көлемінің жалпы сомасының тең үлестерімен тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді* деп көзделген талабы сақталмай 105304 сыныптама кодына 2021 жылы **2,8 мың** теңге төлем төленбегендігі анықталды.

2021 жылы төленбеген **2,8 мың** теңге аудит барысында 105304 сыныптама кодына төленді.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды талдау және келісімшарттар бойынша түскен түсімдер көлемі бағытында Уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы қаулыға сәйкес 206114 коды бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті орган ретінде аудит объектісі белгіленген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің *(бұдан әрі-Кодекс)* 278-бабында «Құзыретті орган, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары өздерімен жасалған келісімшарттар талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады», - делінген.

26. Осылайша, Аудит объектісімен Кодекстің 278-бабының 1-тармағының талабын тиісті дәрежеде орындамау тарапынан, жергілікті бюджетке өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға бағытталған төлемақылар бойынша жергілікті бюджетке жалпы сомасы **1 425,0 мың** теңге (2020 жылы 1 045,0 мың теңге және 2021 жылы 380,0 мың теңге) төленбегендігі анықталды. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген.

27. Алайда, келісім-шарттарда жер қойнауын пайдаланушылар жоғарыда көрсетілген келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемі ретінде жауапкершілік қарастырылғанымен, 2020-2021 есепті жылдарға 27 шарт бойынша (кесте жалғанды) тұрақсыздық айыбы есептелмей **147,5 мың** теңге бюджет есебіне өндірілмегендігі анықталды.

Аудит барысында 147,5 мың теңге тұрақсыздық айыбы төленді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» бұйрығына сәйкес, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары 206114 бюджет түсімдерінің сыныптамасында көзделген.

28. Алайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығының 1-қосымшасының талабы сақталмай, 5 шарт бойынша («Шакупов» ШҚ-на 17.03.2003 жылғы №6/2003, 15.03.2004 жылғы №25/2004, 17.08.2004 жылғы №66/2004, 17.08.2004 жылғы №65/2004, 11.01.2010 жылғы №214/2010) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға бағытталған төлемақылар қате жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдерге, яғни 206109 бюджет түсімдерінің сыныптамасына жалпы сомасы **3 600,0 мың** теңге (2020 жылы 1950,0 мың теңге, 2021 жылы 1 650,0 мың теңге) аударылғандығы анықталды. Бұзушылықтар сыныптауышысында көзделмеген.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жағдайда)

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Уәкілетті органға әкімшілік іс жүргізуді қарау және қозғау үшін 5 факті бойынша аудит материалдары жіберілді. Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында анықталған бұзушылықтардың ішінен 1 337,8 мың теңге өсімпұл бюджетке өтелді.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Аудит қорытындысымен 123 181,5 мың теңгенің бұзушылықтары анықталды. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 59 702,7 мың теңге. Жіберіп алған пайда 63 478, мың теңге. Сонымен қатар, рәсімдік бұзушылықтар саны 19 бірлікті құрады.

Қаржылық бұзушылықтар ішінде өтелуге жататыны 59 702,7 мың теңге.

Мемлекеттік аудиттің мәнділік көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылды, олардың қорытындылары мынаны көрсетті.

Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті бойынша:

Талдау көрсеткендей, Департаменттің негізгі қызметі қала және аудандар салық органдарының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етуге бағытталған, ал уәкілетті мемлекеттік органдар салық салу объектілерінің есебін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді. Сонымен қатар, Атырау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы жол берген бірқатар жүйелі бұзушылықтар мен кемшіліктер жауапты лауазымды тұлғалардың алдыңғы аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін назарға алмайтынын көрсетеді. Біздің ойымызша, процедуралық сипаттағы бұзушылықтарға жол берудің негізгі себебі аудит объектілері мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу және жасау кезінде Департамент тарапынан тиісті бақылаудың болмауымен, сондай-ақ кадрлардың тұрақтамау проблемасымен байланысты.

Мемлекеттік кірістер органдары берешекті өндіріп алуды мәжбүрлеп өндіріп алу туралы ұйғарымдардың орындалуына тиісті мониторинг жүргізілсе, уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл қағидаларына сәйкес берілген мәліметтерге салыстырмалы түрде мониторингті үнемі жүргізіліп отырса, аталған рәсімдік бұзушылықтарға жол берілмейтіні анық.

Сонымен қатар, бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер бекітілген іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде түсімдерді ұлғайту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл Департамент жекелеген іс-шаралардың орындалуын бақылауды толық жүзеге асырмайтындығын көрсетеді, бұл осы Жоспарды орындау бойынша жауапты құрылымдық бөлімшелердің есебінің болмауымен расталады.

Одан басқа, жылжымайтын мүлік құқықтарын мемлекеттік тіркеу органдарының, Атырау облысының ПД, Жергілікті атқарушы органдардың және т.б. деректер базасының көбірек санын пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық қамтамасыз етуді құру қажет деп пайымдаймыз, бұл мемлекеттік кіріс органдарына салық төлеуші мәлімдеген салық салу объектілері мен салық салу базаларының дұрыстығына баға алуға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған ақпарат алмасу сыртқы көздерден ақпаратты жедел алуға ғана емес, сонымен қатар оларды камералдық бақылау аясында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жүргізілген аудиттің қорытындысымен жергілікті бюджетке түсетін салық түсімдері алдыңғы жылмен салыстырғанда 15 салық түрлері бойынша көрсеткіштердің өскені байқалады. Салық түсімдерінің негізгі орта үлесі (80 пайыз) табыс салығынан және әлеуметтік салықтан түскен түсімдері болып табылады. Бұл ретте 2021 жылдағы түсімдері алдыңғы жылмен салыстырғанда жергілікті бюджетке түсетін табыс салығы 2,8%-ға азайған.

Меншікке салынатын салықтар 6,9%-ға, тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар 60%-ға, заңды мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер 20,8%-ға ұлғайған, ал басқа да салықтар түсімі 54,1%-ға азайғаны байқалады.

Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша:

Тексеру комиссиясының бағалауында Бюджет кодексінің реалистік қағидаты бұзылып, Атырау қалалық бюджеттің кіріс бөлігінің кейбір ірі салық түрлерін болжамын қалыптастыру кезінде өткен жылдардағы түсімдердің төлем деңгейінің жоғарлау немесе төмендеу динамикасын есепке алмай жоспарлаған. Бюджеттің кіріс бөлігі болжамын қалыптастыру кезінде, барлық қосымша бюджет қаражаттары резерв көздерін толық пайдаланбай төмен көрсеткіштерді бекіту практикасы қайталануда.

Сондай-ақ, аудит объектісі тарапынан салықтық түсімдердің болжамды параметрлеріне бірнеше рет нақтылаулар мен түзетулер енгізілседе, жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдердің ішінен кейбір сыныптама кодтар бойынша түсімдердің орындалмау немесе асыра орындалу фактілері орын алған.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің нақ сол бұзушылықтар мен кемшіліктерге жылдан жылға жол беріледі деген қорытынды жасалады. Аудит жүйелі сипатқа ие, бюджет деңгейлері бөлінісінде бірқатар салық төлеушілер бойынша, оның ішінде дара кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар бойынша жеке шоттардағы салықтарды есептеуді жүзеге асырмау бөлігінде міндеттемелерді есепке алу бойынша бірқатар бұзушылықтарға жол берген. Жеке тұлғаларға салық берешегі туралы хабарламаларды жібермеу, салық төлеушілердің декларацияларды ұсынбауы және оларға қатысты ҚР ӨҚБТК-де көзделген шараларды қабылдамау бөлігінде салық заңнамасын сақтамау фактілері орын алды. Сондай-ақ, жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы қамтамасыз етілмеу, яғни заңды тұлғаларға салық бұйрықтарын шығару бөлігінде салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қабылданбау, уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл қағидаларына сәйкес берілген мәліметтерге салыстырмалы түрде мониторинг жүргізілмеу салдарынан жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылы түсуіне кері әсерін тигізуде.

Жол берілген бұзушылықтардың негізгі себебі Басқарманың лауазымды тұлғаларының өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауы болып табылады.

Қорытындылай келе, жылжымайтын мүлік құқықтарын мемлекеттік тіркеу органдарының, Атырау облысының ПД, Жергілікті атқарушы органдардың және т.б. деректер базасының көбірек санын пайдалануға

мүмкіндік беретін ақпараттық қамтамасыз етуді құру қажет деп пайымдаймыз, бұл мемлекеттік кіріс органдарына салық төлеуші мәлімдеген салық салу объектілері мен салық салу базаларының дұрыстығына баға алуға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған ақпарат алмасу сыртқы көздерден ақпаратты жедел алуға ғана емес, сонымен қатар оларды камералдық бақылау аясында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аудит нәтижесімен өткен жылмен салыстырғанда салық берешегі мен салық бересі бойынша салық төлеушілердің саны мен сомасының артқандығын байқауға болады. Салық органы тарапынан өткен жылмен салыстырғанда салық берешегі мен салық бересі бойынша салық төлеушілердің саны мен сомасын төмендету үшін осы бағытта жүргізілетін салықтық әкімшілендіру шараларын жандандыру қажет.

Атырау облысының полиция департаменті бойынша:

2021 жылдың қорытындысы бойынша 95 854,3 мың теңгенің айыппұл сомалары күні бүгінгі жағдайда бюджет есебіне өндірілмеген. Аталған айыппұл сомасының ішінде 54 731,7 мың теңгесі жеке тұлғаларға, 8 599,6 мың теңгесі заңды тұлғаларға, 32 523,0 мың теңгесі шет елдік азаматтарға салынған айыппұл сомалары болып табылады. Аталған айыппұл сомаларының өндірілмеу себептері қолданыстағы заң нормаларының талаптары жеткілікті деңгейінен болса, енді бірі аудит объектісінің қызметкерлері тарапынан жеткілікті деңгейде бақылаудың болмауынан туындап отыр.

Осы аталған жағдайдалардың барлығы бюджет есебіне төленетін айыппұл сомаларының уақытылы түспеуіне өз әсерін тигізетіндігін атап өткен жөн.

Атырау қаласының жер қатынастары бөлімі бойынша:

Аудит объектісі өзіне жүктелген міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру барысында бірқатар қызметтер атқарылған. Соның ішінде жер учаскелерін сатып алу-сату шарттары бойынша төлемдердің уақытылы бюджет есебіне төленуіне қадағалауды жүргізу шаралары уақытылы қабылданып отырған. Себебі, 2021 жылы жүргізілген аудит нәтижесімен анықталған кемшіліктерді болдырмау, олардың алдын-алу үшін барлық шаралары толығымен қабылданып күнделікті жұмыс барысында қолданып отырған.

Алайда, аудит жүргізу барысында жер учаскелерін сатып алушылармен жер учаскелерін сатып алу-сату шарттары толық жасақталмағандығы сонымен қатар, жасақталған шарттар бойынша төлемдерді ай сайынғы бөліп төлеу кезінде жер учаскесін сатып алушылар тарапынан уақытылы төленбегендігі анықталса, аудит объектісі тарапынан оларға айыппұл сомалары есептелмегендігі анықталып отыр.

Бұл жерде аудит объектісі мамандарының жер учаскесін сатып алушылардан ай сайынғы бөліп төлеу кестесіне қадағалау жүргізілмейтіндігін көрсетіп отыр, бұл жағдайдың өзі бюджет есебіне түсетін төлемдердің уақытылы түспеуіне өз әсерін тигізетіндігін атап өткен жөн.

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бойынша:

Аудит объектісі өзіне жүкетелге міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру барысында бірқатар қызметтер атқарылған. Алайда, аудит объектісі тарапынан оның ішінде лауазымды тұлғалар тарапынан жасақталған келісім шарттар бойынша мониторинг жүргізілмейтіндігін көрсетті. Себебі, аудит жүргізу барысында келесім шарттар бойынша бюджет есебіне төленетін төлемдердің уақытылы төленбегендігі анықталса, аудит объектісі тарапынан оларға айыппұл сомаларының есептелмегендігі анықталды.

Сонымен қатар, бұл жерде аудит объектісінің лауазымды тұлғалары тарапынан қолданыстағы келісім шарт нормаларының назарға алынбайтындығын көрсетті. Осының салдарынан бюджет есебіне төленетін төлемдердің уақытылы түспеуіне өз әсерін тигізетіндігін атап өткен жөн.

Жалпы алғанда бюджеттің түсімдерінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен түсімдерге жауапты орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет түсімдері бойынша жұмыстардың жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1) «2020-2021 жылдар аралығындағы салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне және жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің толықтығы мен уақытылығының қамтамасыз етілуіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижелерін тексеру комиссиясының отырысында қарау.

2) Атырау облыстық мәслихатына, Атырау облысы әкімдігіне, Атырау облысы бойынша Кірістер департаментіне аудиторлық іс-шараның қорытындысын жолдауға.

3) Атырау қаласы әкімдігіне **2022 жылдың «03» қазанға дейін** аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген кінәлі тұлғаларға (Атырау қалалық Жер қатынастар бөлімі) ММ басшылығына қатысты) қолданыстағы заңнамалар шеңберінде тәртіптік шара алу мәселесін қарастыру жөнінде ұсыныс жолдауға.

4) Аудит объектілеріне нұсқама жолдауға.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-не:

1. Тапсырма: 2022 жылғы 01 желтоқсанға дейін Атырау облысы бюджетінің кіріс бөлігінің кейбір ірі салық түрлері болжамын қалыптастыру кезінде өткен жылдардағы түсімдердің төлем деңгейінің жоғарылауы немесе төмендеуі динамикасын есепке алуды қамтамасыз ету туралы басқармаларға хаттамалық тапсырмалар беруді;

2. Тапсырма: 2022 жылғы 01 желтоқсанға дейін Атырау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің құрылымдық бөлімшелерге Департамент тарапынан тиісті бақылау жасауды қамтамасыз ету туралы хаттамалық тапсырма беруді;

3. Тапсырма: 2022 жылғы 01 желтоқсанға дейін бекітілген Салық салу базасын кеңейту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жоспарын орындау шеңберінде түсімдерді ұлғайту бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасауды, аталған жоспардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету туралы хаттамалық тапсырма беруді.

Нұсқамада көзделген шаралардың орындалғанын растайтын құжаттарды жоғарыда көрсетілген мерзімдерге дейін Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясына жолдауды сұрайды.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Атырау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

1. Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін 104 101 коды бойынша жергілікті бюджетке түсуге қажетті 4 551,8 мың теңге заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салығының төленуін қамтамасыз етуді, орындалысын растайтын құжаттарды ұсынуды;

2. Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін 104 102 коды бойынша жергілікті бюджетке түсуге қажетті 1 043,5 мың теңге жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салығының, 74,3 мың теңге өсімпұлының төленуін қамтамасыз етуді, орындалысын растайтын құжаттарды ұсынуды;

3. Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін 104 401 коды бойынша жергілікті бюджетке түсуге қажетті 3 250,8 мың теңге заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салығының, 331,3 мың теңге өсімпұлының төленуін қамтамасыз етуді, орындалысын растайтын құжаттарды ұсынуды;

4. Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін 104 402 коды бойынша жергілікті бюджетке түсуге қажетті 5 914,5 мың теңге жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салығының, 132,8 мың теңге өсімпұлының төленуін қамтамасыз етуді, орындалысын растайтын құжаттарды ұсынуды;

5. Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін 105 315 коды бойынша жергілікті бюджетке түсуге қажетті 573,7 мың теңге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдердің төленуін қамтамасыз етуді, орындалысын растайтын құжаттарды ұсынуды;

6. Тапсырма: 2022 жылдың «03» қазанға дейін аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтарды алдағы уақыттарда болдырмау және қаржылық тәртіптің сақталуын күшейту мақсатында мәжіліс өткізіп, оның қорытындысын және анықталған бұзушылықтарға жол берген кінәлі тұлғаларға қолданыстағы заңнамалар шеңберінде тәртіптік шара алу мәселесін қарастырып, қабылданған шаралардың растайтын құжаттарын тексеру комиссиясына жолдауды.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті» ММ-не:

1) Тапсырма: 2022 жылдың «03» қазанға дейін әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұл сомасын төлемеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына уақытылы жолдау жөнінде бөлім қызметкерлеріне хаттамалық тапсырма беру;

2) Тапсырма: 2022 жылдың «03» қазанға дейін аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген кінәлі тұлғаларға қолданыстағы заңнамалар шеңберінде тәртіптік шара алу мәселесін қарастыру.

«Атырау қалалық Жер қатынастар бөлімі» ММ-не:

1) Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін жергілікті бюджетке түсуге қажетті 8 151,9 мың теңге жер учаскесі үшін төлемдердің төленуін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

2) Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін жергілікті бюджетке түсуге қажетті жер учаскесі үшін төлемдерді уақытылы төлемегені үшін аудитпен есептелінген 1 135,0 мың теңге тұрақсыздық айыбын төленуін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

3) Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін Атырау қаласы әкімдігінің 30.12.2020 жылғы №3154 қаулысы, 29.02.2021 жылғы №546 қаулысы, 29.04.2021 жылғы №1260 қаулысы, 24.06.2021 жылғы №1921 қаулысы 12.08.2021 жылғы №2402 қаулысы, 11.11.2021 жылғы №3376 қаулысы, 02.12.2021 жылғы №3587 қаулылары негізінде жер телімін сатып алушылар арасында жер учаскесін сатып алу-сату шарттарын және сатып алу – сату шартына өзгеріс енгізу туралы қосымша келісімдер жасақтап, жергілікті бюджетке түсуге қажетті 33 115,3 мың теңге жер учаскесі үшін төлемдердің төленуін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

4) Тапсырма: 2022 жылдың «03» қазанға дейін аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген кінәлі тұлғаларға қолданыстағы заңнамалар шеңберінде тәртіптік шара алу мәселесін қарастыру.

«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ:

1) Тапсырма: 2022 жылдың «01» желтоқсанға дейін жергілікті бюджетке түсуге қажетті 90,0 мың теңге өңірдің әлеуметтік-экономикалық

дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға бағытталған төлемақылар бойынша төленуін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

2) Тапсырма: 2022 жылдың «03» қазанға дейін аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген кінәлі тұлғаларға қолданыстағы заңнамалар шеңберінде тәртіптік шара алу мәселесін қарастыру.

3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі ___ парақта.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша жиынтық кесте ___ парақта.

Тексеру комиссиясының мүшесі

Г.Қайрошева

Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

Ж.Мулдағалиева

Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас инспектор – заңгері

А.Есенбаева

№1 мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы, мемлекеттік аудиторы, Аудит тобының жетекшісі

З.Кинжеғалиева